



**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ
КОРПОРАЦИЯСЫ» ЖШС
ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮШІН**

Бекітемін

**«Халықаралық білім беру
корпорациясы» ЖШС Ректоры**


М.Б.Имантөдосова
2024ж.



**ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮШІН**

Алматы қ.



«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС
Тәртіптік комиссия туралы ереже білім алушылар үшін

2 из 11

МАЗМҰНЫ

Бөлім №	Бөлімнің атауы
1.	Жалпы ережелер
2.	Білім алушыларға арналған тәртіптік комиссияның мақсаты, міндеттері мен функциялары
3.	Қолданылатын терминдер
4.	Тәртіптік комиссияны құру және жұмыс істеу тәртібі
5.	Тәртіптік комиссия құқықтары мен міндеттері
6.	Ережені бекіту және оған өзгерістер енгізу тәртібі
7.	Өзгерістерді тіркеу парағы
8.	Танысу парағы



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 ЖШС «Халықаралық білім беру корпорациясының» (бұдан әрі - ХБК) Тәртіптік комиссиясы туралы ережесі 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319-ІІІ ҚР Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес және ХБК жарғысымен әзірленді,.

1.2 Осы Ереже ХБК-ның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және ХБК барлық білім алушыларының, олардың заңды өкілдерінің орындалуы үшін міндетті.

2. БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ТӘРТІПТІК КОМИССИЯНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

2.1 Білім алушыларға арналған Тәртіптік комиссия (бұдан әрі-Комиссия) Еңбек және оқу тәртібін бұзу фактілерін қарастыратын, академиялық адалдық қағидаларын, студенттің ар-намыс Кодексінің және ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын қамтамасыз ететін, ішкі тәртіп ережелерін бұзуға жол берген адамдарға қатысты санкциялар туралы шешім қабылдайтын, білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2.2 Тәртіптік комиссия қызметінің мақсаты - білім алушылардың академиялық адалдық қағидаларын, студенттің ар-намыс Кодексін және ішкі тәртіп ережелерін қамтамасыз ету, сақтау, қолдау, дамыту, және сүйемелдеу болып табылады.

2.3 Комиссияның негізгі міндеттері:

2.3.1 Комиссияның міндеті теріс қылық жасау мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті түрде анықтап, білім алушыларға тәртіптік ықпал етудің нақты шараларын қолдануы туралы шешім шығару болып табылады.

2.3.2 Академиялық адалдық қағидаларын қолдау және дамыту;

2.3.3 ХБК академиялық қоғамдастығында қабылданған этикалық нормаларды сақтау және дамыту;

2.3.4 ішкі тәртіп ережелерін бұзу жағдайларын алдын алу;

2.3.5 Академиялық адалдық, ішкі тәртіп ережелерін бұзу фактілерінің туындауына байланысты жағдайлар туындаған кезде тәуелсіз сараптама жүргізу;

2.3.6 Академиялық адалдық фактілері тіркелген жағдайда жазбаша жұмыстардың кез келген түрін орындау кезінде академиялық адалдықтың этикалық нормалары мен қағидаларының сақталуын бағалау;

2.3.7 Алқалылық, жариялылықтың объективтілігі, құзыреттілік, объективтілік қағидаттарын, Студенттердің ар-намыс Кодексінің нормаларын сақтауды қамтамасыз ету;

2.3.8 Білім алушыларды Академиялық адалдық қағидаларын бұзу, ішкі



тәртіп ережелерін бұзу жағдайлары және оларды бұзған адамдарға қатысты санкциялар туралы хабардар ету.

2.3.9 Білім беру процесіне Академиялық адалдық қағидаларын енгізу және мінез-құлықтың этикалық нормаларын, білім беру процесіне қатысушылардың ішкі тәртіп ережелерін бұзудың алдын алу бойынша іс-шаралар өткізу (білім алушылардың, оқытушылар мен қызметкерлердің қатысуымен түрлі ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын өткізу);

2.3.10 Академиялық адалдық қағидаларын, этикалық нормаларды, ішкі тәртіп ережелерін бұзумен байланысты жағдайларды қарастыру;

2.3.11 Білім беру процесінің сапасын жақсарту мақсатында комиссия жұмысының нәтижелері бойынша кеңестер өткізу.

3. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР

3.1 Академиялық адалдық- алдау мен плагиаттан аулақ болып, академиялық стандарттарды ұстанып, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдардағы адалдық пен принциптілік сияқты принциптерді қамтитын корпорация қоғамдастығының әрбір мүшесінің мінез-құлқын анықтайтын моральдық-адамгершілік нормаларының, қағидалары мен құндылықтарының жиынтығы.

3.2. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат**-басшылықтың ресми тұжырымдаған сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде ұйымның даму ниеті мен бағыты;

3.3. **Білім алушы** - білім беру бағдарламасын меңгерген тұлға. Білім алушыларға: студенттер, магистранттар, докторанттар, қосымша білім беру тындаушылары жатады.

3.4. **Тәртіптік жауапкершілік**-негізгі мазмұны білім алушыға тәртіптік теріс қылық жасауына байланысты ХБК қолданатын шаралар (тәртіптік жаза) болып табылатын заңды жауапкершіліктің түрі.

3.5 **Тәртіптік теріс қылық**-білім алушылардың оқу және/немесе орындаушылық тәртіпті құқыққа қайшы бұзуы, ол үшін тәртіптік жаза тәртіп комиссиясы арқылы жауапкершілік көзделген.

Тәртіптік теріс қылық білім алушылардың білім туралы заңнамада, ХБК Жарғысында, ішкі еңбек тәртібінің ережелерінде, білім алушының корпорациямен жасасқан оқу шартынан туындайтын нормаларда көзделген өздерінің оқу міндеттерін орындамауымен сипатталады.

3.6 **Тәртіптік жаза**-білім алушыға тәртіптік теріс қылық жасауға байланысты қолданылатын жаза.

3.7 **Тәртіптік жаза түрлері**-білім алушының тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін ХБК әкімшілігі тәртіптік жазаның мынадай түрлерін қолдануға құқылы:

1) ескерту;



- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) ХБК оқудан шығару.

3.8. Тәртіптік жазаны қолдану және қолдану мерзімдері - білім алушыға тәртіптік жаза тәртіптік теріс қылық анықталған кезде тікелей, бірақ ол анықталған күннен бастап екі айдан кешіктірілмей және жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей қолданылады.

3.8.1 білім алушының тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені қарау және тәртіптік жаза қолдану мерзімінің өтуі:

- 1) ауру бойынша оқуда болмау;
- 2) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін оқудан босату;
- 3) демалыста болу;
- 4) қылмыстық іс бойынша, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша, сондай-ақ сот актісі немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген, білім алушының тәртіптік жауаптылығы туралы мәселені шешуге ықпал ететін лауазымды адамның актісі заңды күшіне енгенге дейін іс жүргізу;

3.8.2. Тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі ол қолданылған күннен бастап алты айдан аспауға тиіс.

3.8.3. Егер білім алушы тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап алты ай ішінде жаңа жазаға тартылмаса, онда ол тәртіптік жазасы жоқ деп есептеледі.

3.8.4. Білім алушыға тәртіптік жаза қолданған ХБК әкімшілігі оны тиісті шешім шығару жолымен мерзімінен бұрын алып тастауға құқылы.

3.9. Қызметтік тексеру - қызметкерлердің/білім алушылардың тәртіптік теріс қылығы не олардың функционалдық міндеттерін орындамауы фактісі бойынша материалдарды жан-жақты, толық және объективті жинау және зерттеу жөніндегі тәртіптік іс жүргізу шеңберіндегі қызметті атқару.

4. ТӘРТІПТІК КОМИССИЯНЫ ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘРТІБІ

4.1 Комиссия құрамы ХБК ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.2 Комиссия құрамы адамдар саны тақ болу керек. Комиссия мүшелерінің жалпы саны кемінде 9 адамды, сондай-ақ құрамында дауыс беру құқығы жоқ жеке хатшы бар.

4.3 Комиссия құрамына ПОҚ, корпорация бөлімшелерінің директорлары мен қызметкерлері кіреді.

4.4 Комиссияның төрағасы әлеуметтік даму және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор болып табылады.

4.5 Комиссия жұмысының регламенті:

4.5.1 Білім алушының теріс қылығы туралы мәліметтер негізінде одан жазбаша түсініктеме талап етіледі, ол оған талап етілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде түсініктемені ұсыну керек.



4.5.2. Білім алушы жазбаша түсініктеме беруден бас тартқан жағдайда Комиссия хатшысы тиісті акт толтырады.

4.5.3. Білім алушының жазбаша түсініктеме беруден бас тартуы Комиссия отырысына кедергі бола алмайды.

4.5.4. Комиссия отырыстары білім беру процесі мен ғылыми-зерттеу қызметіне қатысушылардың Академиялық адалдық қағидаттары мен нормаларын, этикалық нормаларды, ішкі тәртіп қағидаларын бұзу фактілері анықталуына қарай өткізіледі.

4.5.5 Комиссия отырысы білім алушылар тарапынан Академиялық адалдық қағидаттары мен нормаларын, әдеп нормаларын, Ішкі тәртіп ережелерін және ХБК Жарғысын бұзуға қатысты өтінішімен жүзеге асады.

4.5.6 Комиссия тәртіптік теріс қылықтардың, академиялық адалдық ережелері мен нормаларының, этикалық нормалардың, ХБК Ішкі тәртіп ережелері мен Жарғысының бұзылғанын куәландыратын материалдар мен құжаттарды қарайды.

4.5.7 Комиссия отырысына этикалық нормаларды, Ішкі тәртіп ережелерін бұзу фактісін куәландырғаны үшін ішкі тәртіп ережелерін бұзу туралы Акт толтырған немесе өтініш берген адам, сондай-ақ академиялық адалдықты, этикалық нормаларды, Ішкі тәртіп ережелерін және ХБК Жарғысын бұзды деп айыпталған адам шақырылады.

4.5.8 Тәртіптік комиссия теріс қылық жасағаны туралы, әдеп нормаларын, Ішкі тәртіп ережелерін, ХБК Жарғысын бұзғаны туралы куәландыратын құжаттармен танысады және құқық бұзушылықтарға жол берген адамдарды анықтайды. Тәртіптік комиссияның барлық шешімдері Комиссия отырысында ашық дауыс беру, және көпшіліктің даусымен қабылданады. Тәртіптік комиссияның отырыстары хаттамаға түседі.

4.5.9 Анықталған бұзушылық фактісі бойынша қызметтік тергеуді қажет болған жағдайда ХБК қауіпсіздік қызметі жүргізе алады.

4.5.10 ХБК лауазымды тұлғасының атына келіп түскен хабарламалар, өтініштер және өзге де ақпарат қызметтік тексеру жүргізу үшін негіз болып табылады. **Жасырын өтініштер қарастырылмайды.**

4.5.11 Комиссия отырысы қажеттілікке қарай өткізіледі және Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, Комиссия отырысы заңды деп есептеледі.

4.5.12 Комиссия отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көп бөлігінің даусымен шешім қабылдайды. Дауыстар тең болған кезде Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшының дауыс беру құқығы жоқ.

4.5.13 Комиссия отырысы өзіне қатысты тәртіптік іс қаралатын адамның қатысуымен, сондай-ақ оны тиісті түрде хабардар еткен кезде оның отырысқа жеке қатысуынсыз өткізілуі мүмкін.



4.5.14 Тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін білім алушыға мынадай тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін:

4.5.14.1 Кішігірім теріс қылықтар үшін білім алушыға аталған шаралардың біреуі немесе бірнешеуі қолданылуы мүмкін:

- 1) ескерту;
- 2) жазбаша ескерту;
- 3) тәрбиелік әңгіме;
- 4) ата-аналарды хабардар ету;
- 5) ХБК-да түрлі іс-шараларды өткізуге тарту;
- 6) Студенттер үйінен шығару.

4.5.14.2 Орташа дәрежедегі теріс қылықтар үшін білім алушыға аталған шаралардың біреуі немесе бірнешеуі қолданылуы мүмкін:

- 1) сөгіс;
- 2) ата-анаға хат;
- 3) білім алушының оқу ақысын төлейтін заңды тұлғаларға хат;
- 4) Студенттер үйінен шығару.

4.5.14.3 Ауыр дәрежедегі теріс қылықтар үшін білім алушыға аталған шаралардың біреуі немесе бірнешеуі қолданылуы мүмкін:

- 1) академиялық транскриптке енгізумен қатаң сөгіс;
- 2) тәртіптік комиссияның білім алушыны оған бұрын берілген оқу үшін жеңілдікті құнынан немесе ХОК білім беру грантынан немесе компания грантынан айыру туралы өтініші;
- 3) Студенттер үйінде тұратын студенттерге келесі семестрге орналасуға рұқсат өтілмейді;
- 4) ХБК-дан шығару.

4.5.15 Комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы қол қойған, қаралатын мәселелер бойынша ұсынымдарды қамтитын комиссия отырысының хаттамасы Ректордың қарауына беріледі. Комиссияның шешімімен хаттама көшірмесі Ректор бекіткен күннен бастап бес күн мерзімде мүдделі бөлімшелер мен тұлғаларға ұсынылады.

4.5.16 Комиссияның шешімдері ұсыну сипатында болады және Ректордың атына тиісті өтініш беру жолымен шағым жасалуы мүмкін.

4.5.17 Қажет болған жағдайда тәртіптік Комиссияның отырысы қашықтықтан, online режимде ұжымдық бейне және аудио байланыс құралдары бар арнайы программалық қосымшалар арқылы жүзеге асады.

5. ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1 Тәртіптік комиссия құқылы:

5.1.1 Комиссия жұмысының мәніне қатысты салаларда, сол саланың мамандары болып табылатын басқа да тәуелсіз сарапшылар мен



консультанттардан көмек сұрау;

5.1.2 Комиссияның жұмысына ықпал ететін ХБК бөлімшелерімен ынтымақтасу;

5.1.3 Ішкі тәртіп ережелерін бұзу туралы Акт жасалған адамдар туралы мәліметтерді сұрату;

5.1.4 Ішкі тәртіп ережелерін бұзу туралы, әдеп нормаларын, Ішкі тәртіп ережелерін, ХБК Жарғысын бұзу туралы акт жасалған адамдар туралы құпия ақпаратты осы адамға қатысты санкциялар шығару туралы шешім қабылданғанға дейін жария етпеуді қамтамасыз ету (Комиссияның қарауына келіп түсетін ақпарат, материалдар құпия болып табылады, басқа адамдарға (студенттерге, қаралатын іске қатысы жоқ қызметкерлерге) таратуға болмайды).

5.2 Тәртіптік комиссия міндетті:

5.2.1 Өз қызметін құжаттау, отырыстарды өткізу тәртібін айқындау;

5.2.2 Комиссия мүшелерін алдағы отырыстар туралы хабардар етуді жүзеге асыру, отырыстардың хаттамаларын жүргізу;

5.2.3 Құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

5.2.4 Өз жұмысының қорытындысы бойынша түсініктемелер, ұсынымдар және нұсқаулар беру;

5.2.5 Корпорацияның білім беру процесіне қатысушылардың ХБК басшылығына этикалық нормаларды, Ішкі тәртіп ережелерін, ХБК Жарғысын бұзу фактілеріне қатысты өз қорытындылары мен негіздемелері туралы жазбаша түрде хабарлау.

5.2.6 Ережеде көзделген қызметтерді сапалы және уақтылы орындау.

6. ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ЖӘНЕ ОҒАН ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Тәртіптік комиссия туралы ережені ХБК Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректор бекітеді.

6.2 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар туралы ұсыныстарды ректор, проректор, әлеуметтік даму және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор және департамент директорлары, корпорацияның ғылыми кеңесі арқылы енгізеді. Өзгерістер мен толықтыруларды қарау және енгізу тәртібі корпорацияның ғылыми кеңесінің жұмыс регламентінде айқындалады.

6.3 Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін өзгерту нәтижесінде осы Ереженің жекелеген тармақтары олармен қайшы келген жағдайда, Ереженің мұндай тармақтары қолданылмайды және ережеге өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін немесе ХБК Жарғысын басшылыққа алу қажет. Қолданыстағы заңнамаға қайшы келетін ережелер тұтастай алғанда Ереженің заңды жарамдылығына әсер етпейді.



«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС
Тәртіптік комиссия туралы ереже білім алушылар үшін

9 из 11

6.4. Осы Ережеде және ХБК Жарғысында комиссия қызметінің жекелеген мәселелерін реттейтін нормалар болмаған жағдайда, ҚР қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алған жөн.

Провост

Б.А.Сабденалиев

Әлеуметтік даму және тәрбие жұмысы
жөніндегі проректордың м.а.

Т.С. Дусипова

Заң қызметінің бастығы

И.С. Баймукашев


Әлеуметтік даму Департаментінің
үйлестірушісі

И.И. Хаджиев



7. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

[illegible]